

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov\_r@inbox.ru)*

## Қыпшақтардың этникалық тарихының негізгі кезендері

Мақалада қыпшақтардың этникалық тарихының негізгі кезендері, атап айтқанда, қалыптасуы және этникалық құрамы сараланып көрсетілген. Орта Азияға басып кірген жер қайысқан қалың монғол қолдарын түркілендіруге қыпшақтардың маңызды рөл атқарғанына көңіл бөлінген. Олар көптеген түркі тілдес халықтардың пайда болып қалыптасуын бастап бергені айтылған. Бұл халық өзінің айрықша тарихи белсенділігінің арқасында Еуразия орталығындағы өзара ықпалдаса дамыған барлық халықтардың этникалық шығу тегі мен мәдениетінде із қалдырғаны баяндалған. Қыпшақтар тарихы — күрделі тақырыптардың бірі екендігі және оны зерттеудің көптеген бағыттары әлі күнге дейін анықталмағандығы туралы қорытынды жасалған.

*Кілт сөздер:* этимология, шежіре, зерттеушілер, ежелгі, халық, қыпшақтар, ру, ата, дерек, қайраткер.

### «Қыпшақ» атауы туралы

«Қыпшық» сөзінің шығуы жайында әр алуан жорамал, аңыздар бар. Ал этнонимнің қалыптасу төркінін дәл анықтаудың тақырыпқа берері көп. Оны жаңа қырынан ашып, бар болмысымен жарқырауына жол ашады.

Кезінде араб, еуропа саяхатшылары «қыбчак», «қыпшак» деп жазғанымен, ол сөздің байыбына бармаған.

«Қыпшак» сөзінің этимологиясына әлсіз меңзеу алғаш рет «Оғыз-намеге» түскен. Оғыз туралы аңыз б.ж.д. мыңжылдықтарға иек артатын өте көне аңыз. Ал бізге жеткен «Оғыз-наме», нұсқасы — оқиғалық желісі, тайпалық құрылымы, жәдігерліктің тілдік ерекшелігіне қарағанда Х ғасырда қайта құрастырылған нұсқасы деп шамалауымызға болады. Яки қыпшақ қауымы айдай әлемге белгілі болған кезде хатталған. «Оғыз-наме» қыпшақ есімін ағашпен байланыстырған [1; 118].

Қыпшақтар туралы екінші жазба дерек Рашид-ад-Диннің «Джами ат-Тауарихында» кезігеді. Кітап 1300–1311 жылдар аралығында түзілген. Онда қыпшақтардың шығу тегіне меңзейтін екі дерек бар. Бірінде қыпшақ атты ұлдың өзеннен ағаш салмен өтіп жатқанда туғаны баяндалады да, екіншісінде Итбарақ еліне сәтсіз шабуылдан қайтып оралар жолда қыпшақты ағаштың қуысынан тауып алған. Шежіреде «қыпшак» сөзіне төмендегідей түсінік берілген. «Бұл сөз «қобук» сөзімен тамырлас, түркіше «өзегі шірік ағаш» деген» (Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. — М.Л., 1952. — Т. I. — Кн. I. — С. 84).

Ал Әбілғазы Баһадүр «Түрік шежіресінде» *қыпшақ* сөзінің мағынасы туралы өз түсінігін барынша таратып жазған: «Үндістан мен Қытайдың арасында, мұхиттың жағасында, Таңғұттың қыста күн шығысында, жазда оңтүстік-шығысында, биік таулардың арасында көп елдер бар еді, патшасының атын Итбарақ дер еді. Оғыз хан оған шабуыл жасады, үлкен ұрыс болды. Итбарақ жеңіп, Оғыз хан қашты. Ұрыс болған жердің бергі жағында екі үлкен өзен бар еді. Сол екі судың арасында тоқтап, қашқан әскерін жиыстырды.

Ұлы патшалардың алыс сапарға шыққанда әйелдерін алып жүретін әдеттері болатын. Осы әдетпен нөкерлерінің кейбіреуі де әйелдерін ала жүруші еді. Оғыз ханның бір бегі де әйелін алып барып еді. Өзі ұрыста өліп, қатыны қашып құтылып, екі судың арасында тұрған ханның артынан жетті. Әйел жүкті еді. Толғағы келді. Күн суық еді, кірейін десе үй жоқ, бір іші шіріген үлкен ағаштың қуысына босанды, ұл тапты. Мұны естіген хан: «Әкесі менің көз алдымда соғыста өлді, қамқоршысы жоқ» деп атын Қыпшақ қойып, өз қамқорлығына алды. Түркі тілінде іші қуыс ағашты *қыпшақ* дер еді, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын қыпшақ қоюы содан еді. Бұл кезде іші қуыс ағашты шыпшақ дейді. Қара халық тілі келмегендіктен, *к*-нің орнына *ш*- айтып кеткен. Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан соң көп ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқыр елдеріне жіберді. Қыпшақ үш жүз жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты» [2].

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әнес Сарай «Қыпшақтар» атты көлемді мақаласында былай ой өрбітеді: «Асылында, Рашид-ад-Дин және Әбілғазы пайымдауларына

кателік енген сияқты, қабық іші қуыс ағаш емес, сырт көмкерме қабық қана, онда өзегі шірік деген мағына жоқ. Дейтұрғанмен, тарихшылар иек артатын бұл шежірелер не себепті — қыпшақты іші қуыс ағашпен шендестіре береді? Анық-қанығы ұмытылып, көмескіленген бір қисын бар сияқты. Біздіңше, «Оғыз-наменін» Еділден өткенде сал қылып буған ағашы, Рашид-ад-Диннің «кобуқы», Әбілғазының «қыпшақ», «шыпшағы» — бәрі де «*қу ағаш*» дегендік. Шамасы кейінгі ғасырларда «қу» сөзінің мағынасы көмескіленгендіктен, жоғарыдағы авторлар «өзегі шіріген ағаш» деп түсінік беруге мәжбүр болған. Ол түсінік қыпшақ сөзінің түп мағынасын өзгертіп жіберген [1; 119].

Қу сөзінде — *ескі, көне, ежелгі, кәрі* деген де, *құс* дегендік те, ақыры *ақшыл түсті* білдіретін мағына бар. Ал жоғарыдағы авторлар қалам тартқан кезде қыпшақ атауы қу-түбірінен тым алшақтап кетіп, бастапқы мағына ұмытылған сынайлы. Тек венгр тюркологы Ю.Немет қана қыпшақ этнонимі — *құба* сөзінен шыққанын, ол құбаның ежелгі тұлғасы «қу» екеніне дәлелдер келтіреді [3].

Қазіргі уақытта көп зерттеушілер *қыпшақ* сөзін «құба» («құба жүзді» немесе түркі тіліндегі «қыпшақ» — көзі жыпылықтап, кірпік қағу) деген түбірден шыққан деп жорамалдайды.

#### *Ежелгі қыпшақтар*

Б.з. VI ғасырдың орта кезінен XIII ғасырдың бас кезіне дейін Қазақстан аумағында мынадай түркі тілдес тайпалардың мемлекеттік құрылымдары өмір сүрді: Түрік, Батыс түрік, Түркеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ, Қарахан мемлекеттері. Олар тарих сахнасына бірінен кейін бірі келіп, этносаяси бірлестіктер мен мемлекеттердің құрылуына айтарлықтай ықпал етті.

Аталған мемлекеттердің ішінде аумағы, этносаяси және әлеуметтік құрылымы, саяси басқаруы және көрші елдермен саяси қарым-қатынастары жағынан Қыпшақ хандығының дербес мемлекет ретіндегі орны ерекше. Қыпшақ конфедерациясына кірген тайпалар қазақ халқының қалыптасуына айтарлықтай үлес қосып, қазақ этносының негізін қалады [4].

Қыпшақтар IV ғасырда Ғұндар бірлестігінде болған. Кейіннен (IV–VI ғғ.) Сеяньто деген жаңа бірлестік құрған. VI ғасырдың ортасында Түрік қағанатының қол астында болды. VII ғасырдың басында Монғолияның терістігіндегі он беле, немесе он оғыздар, тайпасынан құрылған бірлестікті басқарды. 630 жылы бөлініп шығып, өздерінің Сир (Қыпшақ) мемлекетін құрды. VIII ғасырда қыпшақтар Орталық Қазақстанға қоныстанды. Худуд әл-Алам хабарында, бұл аймақ «Андар аз кифчак» деп аталған [5].

Мұсылман деректемелерінде, *қыпшақ* этнонимін бірінші рет IX ғасырда өмір сүрген араб зерттеушісі Ибн Хордадбек деп атап, оларды түркі тілдес тайпалардың қатарына жатқызады. VIII ғасырдың екінші жартысы мен X ғасыр аралығында шығыста Алтай мен Ертістен, батыста Оңтүстік Орал мен Еділге дейінгі аралықта қыпшақтардың этникалық бірлестігі одан ары қалыптаса берді. Алғашында олар көршілес Кимек тайпаларымен бір одақта болып, Кимек мемлекетінің құрамына кіріп, саяси жағынан Кимек қағанына бағынышты болды. Әрі түркі тілдес құман, оғыз, башқұрт, пешенек, қарлұқ, қаңлы тайпаларымен тығыз байланыс орнатты.

XI ғасырдың басында бұрынғы кимек, қыпшақ және құман тайпалары қоныстанған аумақта әскери-саяси үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшті. Қыпшақтардың билік басына келген билеуші әулеттік шонжарлары оңтүстік және батыс бағыттарды игеруде белсенді қимыл жасай бастады. Мұның өзі оларды Орта Азия мен оңтүстік-Шығыс Еуропа мемлекетімен тікелей тығыз қарым-қатынас орнатуға жеткізді [6].

Сыртқы жаулардың соққысынан құлаған Қимақ қағанатының жері XI ғасырда жаңа құрылған Қыпшақ хандығының қолына толығымен көшірілгеннен кейін, ол жерлер шығыста Алтай мен Ертістен басталып, батысында Балқаш көлімен Жоңғар Алатауына дейінгі байтақ аймақты алып жатты. Қыпшақ хандығы күшейе бастаған кезінде оңтүстік жағындағы шекарасын кеңейтіп, Сырдарияның орта және төменгі бөлігін, Арал мен Каспий өңірі далаларын өздеріне қаратқан.

Араб деректеріне қарағанда, қыпшақтардың тарихи қалыптасқан көшу бағыттары болған. Сонымен, Алтайдан Еділге дейінгі аралықтың «Қыпшақтар даласы» (Дешті-Қыпшақ) деп аталуының өзі бұл кең-байтақ аймақ қыпшақтардың атамекені екендігін толығымен растайды [4;11].

Дешті-Қыпшақта (Қыпшықтар даласында) қыпшақ халқының қалыптасуы заңды құбылыс еді. Бірақ монғол шапқыншылығы бұған үлкен нұқсан келтірді. 1223 жылы Қалқа өзенінің жағасында монғолдар қыпшақтар мен оңтүстік орыс княздерінің біріккен жасақтарын тізе бүктірді. Монғолдар осы алғашқы жеңістеріне тоқмейілісіп шығысқа қайта қайтты. 1237 жылы Батый Ресейдің шығыс және оңтүстік жағын бағындырып болғасын, жолшыбай қыпшақтарға да тиісіп талқан қылып кетті. Араб тарихшысы Рукнаддиннің айтуынша, монғолдардың тез табысқа жетуіне қыпшақтардың екі тобының

арасындағы қырын қабақтық әсер еткен сияқты. Содан олардың бірі монғолдарға бағынып, екіншісі батысқа қарай кетіп, Венгрия жеріне қоныстанды. Тұтқынға түскен қыпшақтарды венециялық көпестер сатып алып, Мысырға (Египет) апарып сатты.

Уақыт өте келе Мысырда қыпшақтар кәдімгідей көбейгесін Мысыр сұлтаны олардан ерекше жасақтар құрды. Ол жауынгерлер мәмлүктер (яғни құлдар) деген атпен белгілі болды [7; 29].

Сол аумалы-төкпелі заманның тәлкегіне әлемдік тарихта айрықша мәртебеге ие болған даңқты Сұлтан Бейбарыста (кейде Байбарыс деп есімі аталады) жастайынан ұшырады. Жасы 14-ке енді толған қыпшақ баласы алдымен бұлқарлардың тұтқынына, одан кейін генуэздік (италиялық) көпестердің қолына түсті. Ақырында оны Дамаскіде мысырлық әмір Ала Ал-Дин Айдакин Әл-Бундукдари сатып алады. Сол кезден Бейбарыс атына Әл-Бундукдари есімі тіркестіріліп, мәмлүктер қатарына енді.

Бастапқыда Бейбарыс мәмлүктер арнайы жаттығудан өтетін Ніл өзенінің бойындағы Рода аралына түседі. Алайда шамамен 1246 жылы қожайынына қудалау басталғаны салдарынан Бейбарыс Мысыр сұлтаны Салих Нажм Ад-Дин Аюбтің қарамағына өтеді. Көп ұзамай асқан батылдығы, алғырлығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Салихтың ең сенімді серіктерінің біріне айналады. Ол шынықтырған және өзі бастаған әскер сан мәрте қан майданнан жеңіспен оралады.

1260 жылы Бейбарыс (Байбарыс) Мысыр мен Сирияның сұлтаны атағына ие болды. Жаңа сұлтанның билік басына келуімен араб еліндегі саяси дүрбелең тоқтатылып, тұрақтылық орнайды. Бұны Бейбарыстың алдыңғыларына қарағанда әлдеқайда ұзақ мерзім — 17 жыл патшалық құрғанынан-ақ аңғару қиынға соқпайды. Мәмлүктер арасында қыпшақ билеушісінің жеке басының абыройы, парасаты мен өжеттілігі мемлекеттің гүлдене бастауына негізгі түрткі болады. Оның тұсында Мысыр шекарасы едәуір кеңейіп, саяси, әскери және экономикалық құдіреті өсіп, ғылым-білімі, қалалар құрылысы, сәулеті, өнері мен әдебиеті бұрын-соңды болмаған биіктерге жетті.

Араб тарихшыларының деректерінше, Бейбарыс 1265 жылы крест жаулаушыларына қарсы жеңісті жорығын бастап, олардың 1265 жылы Цезаря мен Арзуф, 1266 жылы Сафат, 1268 жылы Яффа мен Антиохия, 1271 жылы Хисн Әл-Акрад қамал-қалаларын бірінен соң бірін басып алды. 1267 жылы Сис, яғни Кіші Арменияға, қарсы жорыққа шығып, олардың негізгі қалалары: Дарбасак, Даркуш, Талмиш, Кафардин, Раабан, Марзабан, Куник, Адана мен Ал-Масисты бағындырды. Сис Мысырға жыл сайын алым төлеп тұруға мәжбүр болады. Сондай-ақ ірі мұсылман қалалары: Дамаск, Баальбек, Аджулун, Басра, Сархад, Салт, Хомс, Тадмур, Рахба, Тел-Башар, Сахиун, Балатунустармен қатар, Кахф, Кадмус, Улайка, Хауаби, Русафа, Маснаф, Кулайя, Карак және Шаубак сияқты қамалдарды бағындырды. 1275 жылы Нубия мен Баркан да Мысырға қарайды.

Осылайша Бейбарыс Мысыр жауларын тізе бүктіріп, аймақтағы ең қуатты мемлекетке айналды. Бәлкім, сондықтан болар оның византиялық тарихшы замандасы Вильгельм Трипольский: «Қолбасшы ретінде Бейбарыс Юлий Цезарьмен терезесі тең тұра алады», — деп зор баға береді.

Ерекше атап өтетін жайт, Бейбарыс сұлтан өзі бағындырған жерлерге әдеттегі басқыншылар секілді зорлық-зомбылық емес, өркениет әкелді. Құдыстағы (Иерусалим) Құббат Ас-Сахра мешітін жөндеуден өткізді. Мысырдағы Ніл өзенінің үстінен өткел тұрғызды. Дамаск, Субейба, Баальбек, Салт, Сархад, Аджулун, Басра, Шейзар, Химс қалаларындағы қамалдарды қалпына келтіріп, бұрынғысынан да іргесін бекіте түсті. Каирда үлкен медресе салып, оның шетіндегі Хусайнияда жаңа мешіт тұрғызды. (Бұл деректер Расул Жұмалының «Ежелгі Мысыр шаһарының сұлтаны Бейбарыс — Аз-Заһир» мақаласынан алынды).

Сұлтандардың сұлтаны Бейбарыс 1277 жылы 22 маусымда дүниеден озды. Жат жерде жүріп, елін-жерін өмір бойы қастерлеп өткен (арабтардың арасында жүрсе де, қыпшақ тілінде сөйлеп, қыпшақтың салт-дәстүрлерін сол қоғамға кеңінен енгізген), мұсылман әлемін өз дегеніне қаратып, халқының абыройын биікке көтерген абзал тұлға бүгін де мұсылман әлемінің, әр қазақтың жүрегінде нағыз азаматтықтың, елін шын мәнінде сүйе білудің үлгісі ретінде қала бермек.

XIV ғасырда қыпшақтар Еділдің орта ағысынан Сырдарияның аяғына дейін көшіп жүрді. XV ғасырда қыпшақтар Әбілқайыр ханның басты ұйытқысын құрып, Қаратау тауларында (ол кейде Қараспан деп те аталады, қыпшақтар ішінде Қараспан атасы да бар) қоныстанды. Олардың бұл жерде болғанын «Қобыланды батыр» жыры да көрсетеді.

Әбілқайыр өлгесін оның ұлысына қазақтар мен ноғайлар шабуыл жасады. Қыпшақтардың ыдырауы да осы кезден сияқты: олардың бір бөлігі Әбілқайырдың балаларымен қалып, кейіннен Мұхамед Шейбанидің Түркістанды жаулап алуына қатысты, келесісі қазақтарға қосылды, үшінші бөлігі ноғайларға кетті [7;30].

Қыпшақтар қазақтардан басқа түркі тілдес көптеген халықтардың ұлт болып қалыптасуына үлкен ықпал жасады; өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, т.б. халықтардың құрамына енді.

Қазан мен Қырымда қыпшақтар барлық уақытта билеуші тап болып, олардан ылғи да қарашылар (уәзірлер) сайланып отырды.

Өзбек қыпшақтарына келетін болсақ, олар Қоқан хандығында билеуші тапты құрады. Шаһар жұртын қорқынышта ұстаған әйгілі әмірші Мұсылманқұл мен оның ұлы Әбдірахман, сондай-ақ Ташкентті қорғаған (Черняев шабуылынан) Әлімқұл молданың бәрі қыпшақтар еді.

Венгриядағы қыпшақтар ХІХ ғасырға дейін өздерін қыпшақтармыз деп келген. Ол кезде олардың саны 200 мыңдай адам болған. Венгр армиясының әйгілі атты әскері негізінен қыпшақтардан құралғаны белгілі.

#### *Қыпшақтардың шежіресі*

Қазақ шежірелері әдетте қыпшақтарды 92 баулы деп атайды. Бірақ ешқайсысында оның бәрін таратып берерлік дерек жоқ. Шежірелердің көбі Қыпшақ руларын былай ажыратады. Қыпшақтан: Сүлімалып, одан — Көбекалып (Ақ Көбекалып), одан — Мүйізді, одан — Сарыабыз. Сарыабыздан бес таңбалы Қыпшақ (Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Қарабалық) өсіп-өнген [7;30].

Енді бір шежіреде Қыпшақ Ақтамбердіқожадан — Ақтансопы (Ақтамсопы), одан — Құланқытай, одан — Сүлімалып. Сонымен, Сүлімалып — Қыпшақ тайпасынан тараған рулардың арғы атасы [8; 471].

Сүлімалыптан — Көбекалып (Ақкөбек батыр), одан — Мүйізді. Мүйіздіден — Сарыабыз [9;128–129].

М.Тынышбайұлы Қыпшақты төрт бірлестіктен — Құланқыпшақ, Сарықыпшақ, Қытайқыпшақ және Қарақыпшақтан тұрады деп тарқатады.

Ескертетін жағдай, бес таңбалы қыпшақ руларын (Ұзын, Бұлтың, Көлденең, Қарабалық, Торы) Қарақыпшақ Қобыланды батырдан тарату қисынсыз дерек болып табылады. Себебі қыпшақтардың бұл рулары Қобыланды батыр өмір сүрген Алтын орда, Ноғайлы хандығы кезінен әлдеқайда ерте пайда болған [10].

Қыпшақтар Қостанай облысында, Торғай даласында, Ресеймен шекаралас (Омбы, Челябин, Қорған обл.) аймақтарда, Ертіс, Сырдария бойында қоныстанған.

Төменде біз Сарыабыздан тарайтын Құланқыпшақ, Сарықыпшақ, Қытайқыпшақ, Қарақыпшақ ұрпақтарының таралымын қарастырдық.

#### *Құланқыпшақтар*

Қыпшақ тайпасының үлкен бір руы. Т.Үсенбаевтың деректері бойынша, Құланқыпшақтан бес ата өрбиді: Пұсырманқұл, Құдайқұл, Қырымқожа, Бұғаз, Жәдік (Қарадөн) [9; 128,129].

Қазақ Совет энциклопедиясының 7-ші томында Құланқыпшақтан төрт ата таратылады. Олар: Пұсырманқұл, Қайдауыл, Қырымқожа, Бұғаз [11; 26].

Пұсырманқұл мен Қайдауылдың ұрпақтары 1917 жылға дейін Жетісу өңірін мекендеген. Қытай жерінде де кездеседі. Ал Қырымқожа мен Бұғаздан тараған нәсілдер Қарағанды, Ақмола, Ұлытау, Жезді, Есіл, Торғай, Ертіс өңірлерінде қоныстанған [11; 26].

Құланқыпшаққа жататын төрт атаның ішіндегі ең көп тарағаны — Бұғаздың ұрпақтары.

Орта жүздің атақты батырларының бірі — Қыпшақ тайпасының ішінде Құланқыпшақ руынан шыққан, Абылай ханның «кіші батыры» атанған Қошқарбай Сағалайұлы. Құланқыпшақтың үшінші баласы Қырымқожадан Алыпқара туады, одан — Өтеп, одан — Сағалай, одан Қошқарбай батыр өрбиді [12].

Қошқарбай батырдың атамекен қонысы Ақмола облысында (Есіл-Нұра бойы). Бірақ шөбі шүйгін, суы мол Ертіс өзенінің сол жағалауын (қазіргі Омбы қаласынан жоғары 100 км) қыстап та жүрген. «Ақтабан шұбырындыдан...» кейінгі азаттық шайқастары мен соғыстардың бәріне қатынасқан Қошекенді «Олжабай батыр» (Ж.Мұса), «Сабалақ-Абылай хан» (О.Нұралыұлы) дастандары атап өтеді. Бұған дәлел ретінде Олжабай Нұралыұлының «Сабалақ-Абылай хан» поэмасынан [13].

*Ат қаратіл болғанда жігіт сайлап,  
Қару-жарақ Ұлытауда жұрт даярлап.  
Балқашқа Үш жүз боп қосылмаққа,  
Әр жүздің адамдары уағда байлап.*

*Орта жүзден Бөгенбай, Жәнібегі,  
Қошқарбай, Жантай менен Қазыбегі,  
Толыбай, Малайсары, Баян батыр,  
Төлек, Тулақ, Қабанбай — Наймен тегі... —*

деген жолдарын келтіруге болады.

Қылыш жүзінде ойнаған, әскер басқару ісін жетік білетін Қошқарбай Сағалайұлы бүгінде аты аталып жүрген әйгілі батырлардың көпшілігімен үзеңгілес серік болып, бірге соғысқан.

Құланқыпшақтар басқаша Дала қыпшақтары (Дешті-Қыпшақ) деген атпен де белгілі.

#### *Сарықыпшақтар мен Қытайқыпшақтар*

Қыпшақ тайпасының бір тармағы — Сарықыпшақтардың тарихи дерегі толық жиналмаған [8; 44].

Қ.Қ.Томпиев «Еуразиялық түркі шежіре аңыздары (ой, пікір, көзқарас)» атты кітабында Сарықыпшақтан мынандай аталарды таратады: Ұста, Өтеген, Нартал, Жанталас, Танғыш, Жарған [14].

Ру тізбесінде Қарақыпшақтар ғана толық жіктеледі. Ал қалғандары аса анық көрсетілмейді. Мысалы, Қытайқыпшақ ұрпақтарының таралымы туралы дерек жоқ.

Сарықыпшақ пен Қытайқыпшақ туралы мәлімет жоқтың қасы болса да, Қыпшақты баяғы Орхон жазбаларында «сір» (бәлкім, сары), IX ғасырда қимақтар ығыстырған кезде *шары* (сары) деп те атағаны еске түсетіні бар. Бірсыпыра ғалымдар (Аристов, Грум-Гржимайло, Гумилев, т.б.) қыпшақтар әу баста сары басты, көк көзді болуы әбден мүмкін дегенді айтады. А.Харузин башқұрт қыпшақтарының жартысына жуығы сары, жирен түсті екенін жазса, К.Шаниязов өзбек қыпшақтарының арасында да сары түстілер мол ұшырасатынын тілге тиек етеді. Ал монғол жорығының екпінінен Мажарстанға (Венгрияға) ығысқан қыпшақтардың сары шашты, көк көзді болғаны (олар әлі де солай) талайдан айтылып келеді. Қазақстанда жүргізілген антропологиялық зерттеулерде орта ғасырларда қыпшақтар мекендеген жерлерде монғолдық және еуропалық нәсілдер араласа қоныстанғаны туралы дәлел ортаға тартылады. Сондай-ақ зерттеушілер арасында «куман» (кубан) сөзін қазақ тіліндегі түске, сынға байланысты айтылатын «құба» анықтауышынан, «половцы» — «половый» (ақшыл сарғыш) сөзінен шықты дейтін тұжырымдар да бар. Демек, қыпшақтарды маңайдағы басқа халықтардың сары жұрт ретінде танығаны, соған байланысты оның «сары» деген анықтауышпен аталуы әбден мүмкін.

Осы тектес дәйектерді қозғай келгенде де Сарықыпшақ жіктелісі бізге де сол дәуірлерден жеткен бір белгі секілді көрінер еді. Сондай-ақ шежірелерде бар Қытайқыпшақ атауы да сонау замандарда Қытаймен қоңсылас отырған қыпшақтарға берілген атау болуы ғажап емес [15; 41].

Қытайқыпшақ деп аталатын қидандар X–XII ғасырларда Қытайды билеген деген деректер кездеседі.

#### *Қарақыпшақтар*


Ең көп өсіп-өнген Қарақыпшақтар төмендегідей таратылады [9; 128] және [7; 82].

Қазақ құрамына енген қыпшақтар шежіре бойынша негізінен Қарақыпшақтың ірі-ірі бес атасынан (Көлденең, Ұзын, Қарабалық, Торы, Бұлтын) бөлінеді. Себебі қазақ жерін мекендейтін қыпшақтар негізінен Қарақыпшақтан тарқатылады [15; 41].

Ұраны «Ойбас», таңбасы қос әліп Қарақыпшақтың бес баласының (Көлденең, Ұзын, Қарабалық, Торы, Бұлтын) анасы Алтыншаш деген кісі екен. Бұл кісінің көріпкелдік қасиеті болған. Әр баласы туған сайын әрқайсысына сын айтып отырған:

*Бұлтын бітті бойыма –  
билік кірді ойыма,  
Торы бітті бойыма –  
зорлық кірді ойыма,  
Ұзын бітті бойыма –  
ерлік кірді ойыма,  
Көлденең бітті бойыма –  
сауда кірді ойыма,  
Қарабалық бітті бойыма –  
байлық кірді ойыма, –*

деген екен [16].



Шежірелерде Ұзын, Торы, Қарабалық, Бұлтың, Көлденең руларын топтастыруда бірізділік жоқ [17; 118].

1. Қарақыпшақ рулар бірлестігіне кіретін ру, бес таңбалы қыпшақтың бірі — Көлденең.

Шежіре деректері бойынша, Көлденеңнен — Алатай (Алтай), Қыжық, Былғашы, Шандаяқ, Көккөз (Кеккөз), Тасқор, Арық, Науша (Сасық), Мимық (Мамық) [18; 41]. Көлденеңнің ұрпақтары кезінде Қазақстанның Ресеймен шекаралас (Омбы, Челябині, Қорған обл.) солтүстік аудандарын мекендеген. Олар отырықшылыққа ерте ауысқан. Өзен бойын қоныстанғандары аздап егін егіп, балық аулаған; орыс көпестеріне жалданып кіре тартқан. Қырдағысы мал өсірген. Ұраны — Ойбас, таңбасы — қос әліп таңба [19].

Сонымен, Көлденең ұрпақтарының ұраны мен таңбасы бүкіл Қыпшақтың ұраны және таңбасымен бірдей.

2. Бес таңбалы Қарақыпшақтың бірі — Ұзын (Ұзын Қыпшақ).

Ұзындар туралы алғашқы деректер Константин Багрянородныйдың «Мемлекет басқару хақында» деген тарихи еңбегінде кездеседі (X ғасырдың ортасы). Қазақтың шежіре дерегі бойынша, Ұзын — Алтыбас, Алтыс болып екі тармаққа бөлінеді.

Алтыбастан — Құлеке, Құлшын ұрпақтары өрбиді. К.Жалмұханбетовтың деректері бойынша, Алтыбастан — Тіней, Қармыс аталары тарайды [18; 41].

Алтыстан алты бала: Келімбет, Сағай (Сығай), Құлдербіс, Бөкей, Өзден, Самар [18; 41].

Бөкейден туған үш баланың бірі — Кедел. Одан үш бектің — Қалдыбек, Келдібек, Әлібектің ұрпақтары тарайды. Торғай қазақтарының патша үкіметіне қарсы 1916 жылғы халық көтерілісінің басшысы, азамат соғысының батыры Аманкелді Имановтың арғы аталары осы Кеделдің Әлібегінен туады. Кезінде Кедел ұрпақтары Торғай, Жыланшық өзендерінің бойын, бұрынғы Қайдауыл болысының жерін мекендеген [20].

Аманкелдінің атасы Иман атақты қолбасшы ретінде танылған кезде хан Кене: «Иман келді, аман келді», — деп қуаныш сезіммен қарсы алады екен. Баласы Үдербай әкеге жете тұмаған, момын адам болыпты. Ал Иман немересі Аманкелді қан шеңгелдеп, көзін ашып туды деген аңыз бар. Иманның бәйбішесі Қалампыр немересін ата дәстүрін ұстаған ұл болатынын бірден таныпты. Немересіне

атасының сауытын кигізіп, қылышын ұстатып, басын байлаған шөпті шаптырып, шауып келе жатып, күмісті жерден қакқызып, терең су түбіне тастаған патша бейнесі бар сомдықты алғызады екен [21].

Н.А.Аристов, 1887 жылғы деректер бойынша, Ұзындардың екі мыңға тарта жанұя болғанын жазады. Ал Ыбырай Алтынсариннің 1869 жылғы деректеріне қарағанда, Торғай уезінің тек Қарақоға, Сарықопа, Қараторғай болыстарында ғана шамамен 1600 түтін болған [17; 341].

Ұзындардың таңбасы жалпы Қыпшақ таңбасымен бірдей, ұраны — «Ойбас».

Ұзын Қыпшақтың Кедел атасынан тарихқа белгілі қолбасы, қазақ халқының азаттығы үшін күрескен даңқты батыр Тілеулі Әбдірахманұлы екені белгілі. 1720 жылдары жоңғарлар басқыншылығы бұрынғысынан күшейіп, қазақ елі мен жеріне қатер саны көбейе түседі. Сондай заманда Тілеулі батыр Аңырақай, Қалмаққырған, Қарақұмақ шайқастарына қатынасып, шеберлік әрі батырлық істерімен жеңіске жеткен, елін, жерін жаудан қорғап қалған. Тілеулі батырдың қалмақ басқыншыларын Торғай даласына жібермей, оларға қарсы жасаған шайқастары қазақ еліне біртұтастықты, халық мекендеген жердің отаршылдықтан аман болуына мүмкіндік берді.

Торғайдың кең даласын, бай өлкесін, оның қойнауындағы кенін, байлығын басқалардан қорғаған, сол мұраларды келешек ұрпаққа аман-есен жеткіземін деп жанын да, қанын да қиған Тілеулі батыр Ор өзенінің бойында қайтыс болыпты [22].

3. Қарақыпшақ тармағынан тарайтын ру, бес таңбалы қыпшақтың бірі — Қарабалық.

Жазушы Ақылбек Шаяхметтің деректеріне үңілсек, Қарабалықтан — Жаңатай (Жантай), Танабұқа, Шуманақ (Шоманақ), Қарсақ, Жолыншы. Танабұқадан — Абашоқы, Қожалық (Қошалақ), Қарашұнақ. Қожалықтан (Қошалақтан) — Тақсопы (Тоқсопы), Әлім. Тақсопыдан (Тоқсопыдан) — Жолжақсы. Жолжақсыдан Жантілес туады. Одан — Ораз, Қонай.

Жантілес найза мен қылыш соғатын әйгілі ұста болған. Ұста аталатын ру осы Жантілестен тарайды. Күні бүгінге дейін атадан балаға мирас болып келе жатқан оның төсі мен балғасын Қарабалық өңірін мекен қылған Құмаш деген үрім-бұтағы үйінде көздің қарашығындай сақтап отыр. Аталған рудың Жантілес аты айтылмай, ұста атанып кеткен [23].

Қарабалықтан тарайтын Жолыншыдан — Сопы, одан Қарта туады. Қартадан — Қошқар, Жиуар, Мамажар, Мәметек, Әлеке, Әлігеш. Қошқардан — Тәуке, одан — Сыма. Сымадан — Тоқмәмбет, Ақжігіт. Абылай ханнан бата алған, Ақжолтай батыр атанған Түгел батыр осы Ақжігіттің баласы. Түгелден — Ипан, Ипаннан Жабағы батыр туған. Яғни, батырдың немересі де атаға тартып батыр болған.

Ақжігіт — көркем сөздің зергері Бейімбет Майлиннің де түп атасы. Таратып айтатын болсақ, Ақжігіттен — Өтеген, Қожық, Түгел, Атан, Жобал. Атаннан — Тәукебай. Тәукебайдан — Майлы, Майлыдан — Жармағамбет, Жармағамбеттен — Бейімбет. Сөйтіп, батыр туғызған ел ақын да туғызған [23;39].

4. Торы (Торайғыр) — қазақ ішіндегі «бес таңбалы Қыпшақ» аталатын ру-тайпалық одақтың бір бөлігінің аты.

Торы бір нұсқада Қарақыпшақтан таратылатын болса, енді біреуінде Қарамергеннен (Қарадөңнен) өрбітіледі. Бұл жағдай Торының түп төркіні тереңіректе, әріректе жатқанын аңғартады. X ғасырда өмір сүрген Византия императоры Канстантин Багрянородный еңбегінде Венгр, Печенег және Уз тайпалары туралы айтылады. Уз тайпасы орыс жылнамаларында және соларға сүйеніп жазылған П.В.Голубовский, Н.А.Аристов, С.А.Плетнева, Н.А.Баскаков, А.М.Хазанов зерттеулерінде көбінесе Торки делінеді. Н.А.Аристов осы жұртты XII ғасырда тарих бетінен өшіп кетті деп санайды. Дегенмен тіл және тарих деректеріне үңілсек, X–XI ғасырдағы Торық тайпасы мен қазіргі Қыпшақтың Торы руы бір ел екеніне, тек этноним тұлғасының аздап қана өзгергеніне көз жеткізуге болады. Бұл өзгеріс — оғыз, қыпшақ тілдеріне тән құбылыс.

А.М.Хазанов Торықтардың бір бөлігі XI ғасырда Қыпшақтарға бағынғанын және бара-бара оларға сіңісіп кеткенін жазады. IX–XI ғасырларда Оғыз бірлестігіне кірген Торықтар көне заманда Қай тайпасымен де одақ болған түрі бар. Мұны қазіргі Торғай өзенінің атынан да көруге болады. Торық + Қай → Торыққай → Торықай → Торығай → Торғай [17; 118].

Т.Үсенбаевтың деректері бойынша, Торыдан — Әлпейіс, Құлпейіс. Әлпейістен — Қитаба, Түйішке. Қитабадан — Еділ, Шоғыл, Бессары, Қара, Қайыпберді, Қосай, Сарытұмақ, Ақпан, Сарыкөт. Түйішкеден — Ыстыбай, Жетім, Дәулетбике, Мырзабек, Көрпе, Қойбақ, Баянтаңат, Назарымбет, Женет. Құлпейістен — Көкмұрын, Шашты. Көкмұрыннан — Қарамойын, Лақа. Шаштыдан — Шағыр, Шегір, Малай, Байсары, Құтым, Бошай, Айдарқозы [9;129].

Кезінде:

*Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған  
Ұйпалақтап қып-қызыл түлкіні алған.  
Ақтау, Ортау, Сарысу, Көктің көлі  
Көзімнен бір-бір ұшты-ау дүние жалған.  
Баласы Құтпанбайдың Иманжүсіп  
Естекке мен не қылдым соңға түсіп.  
Құдайым Райымханды берсе қолға  
Алар ем ойланбастан басын кесіп.*

*Көлденең күн батыстан аққан Нұра,  
Көп еді оған құйған өзен, жыра.  
Көдең мен Сарыарқаның бетегесі  
Бірің нәр, бірің қорек, бірің шипа, —*

деп ән шырқаған [24] атақты ақын Иманжүсіп Құтпанұлының руы Торы (оның ішінде Шашты бұтағына жататын Құтымнан).

Есте қаларлық оқиға, үш ата ұрпақ (Тұрғанбай, Құтпан (Баймырза), Иманжүсіп) қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін бастарын өлімге тігіп күрескен тарихи тұлғалар. Мұндай құбылыс тарихта көп кездесе бермейтіні ақиқат.

Тұрғанбай датқа (Иманжүсіптің атасы) Қоқан хандығымен күресіп мерт болса, Құтпан (Баймырза) Кенесары жасағында (1837–1847 жж.) соғысып, көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін, Кереку маңында өмірінің соңына дейін қуғында болып өмір сүрген. Ал Иманжүсіп патша үкіметіне, қызыл белсенділерге қарсы күресіп, соның жолында қаза тапқан [25].

Ертеде Торы жұрты Торғай, Қабырға, Жыланшық, Сырдария өзендерінің бойын мекендеген. «Әліп таңба Қыпшақтың атағы озған Алаштан» («Қобыланды батыр» жырынан) және «Ойбайласам — Құдай жоқ, Ойбастасам — Қыпшақ жоқ» деген нақылдардан бұлардың таңбасы — «Әліп», ұраны «Ойбас» екені байқалады.

5. М.Тынышбайұлы кестесінде Бұлтың — Орыс (Өріс), Бегіс болып екіге бөлінеді. Орыстан (Өрістен) — Төбет, Құлатай, Сандық, Мадияр. Бегістен — Жолаба (Жоламан), одан — Есенкелді, Әбілқасым аталары өрбиді [7; 31].

Қарақыпшақ рулары бірсыпыра түрік халықтарының (қарақалпақ, қырғыз, өзбек түрік, азербайжан, татар, башқұрт, түрік, ноғай, қарашай, қарайым, балқар, т.б.) өз алдына ұлт болып қалыптасу тарихында елеулі рөл атқарған.

#### *Қарақыпшақ Қобыланды батыр тарихи қайраткер ретінде*

Қарақыпшақ тайпасының бір руы — Күрлеуіт Қыпшақ. Ол бес атаға бөлінеді: Құдайберді, Құдайқұл, Жәдік, Сарыкерей, Қаракерей. Ертеде Күрлеуіт қыпшақтар бес болыс ел болып, Ертіс өзенінің сол жағалауынан Омбы қаласына дейінгі аймақты мекендеген. Атақты Қобыланды батыр Күрлеуіт қыпшақтың Жәдік атасынан шыққан [19; 174].

Қарақыпшақ Қобыланды көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілқайыр ханның бас батыры болған. Қазақ шежіресінде Қобыландыны Қарақыпшақтан тарайтын Тоқтарбайдан таратады.

Қобыланды батыр ру аралық соғыстардың бірінде Арғын тайпасының билеушісі Қотан бидің (Қодан тайшының) ұлы Дайырқожа батырды (Ақжол) өлтірген. Дайырқожа Әбілқайырдың әділ қазысы болған. Қазақ ауыз әдебиетінде осы оқиға жөнінде Қотан бидің «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген жоқтауы сақталып қалған.

Қазақ халқы арасында Қобыландының қызылбастар мен қалмақтарға қарсы соғыстарын баяндайтын «Қобыланды батыр» эпосы [26] кең тараған.

Қазақ халқының қаһармандық жырының 29 нұсқасы белгілі. Оның жиырма алтысында Қобыланды батырдың ерлік істері жырланса, үшеуі ұрпақтарының іс-әрекеттеріне баяндауға арналған. Марабай, Мергенбай, Біржан, Айса, Нұрпейіс, Шапай, Мұрын, Досжан, Құлзақ, Көшелек, Нұртуған секілді жырау-жыршылар «Қобыланды батыр» жырын түрлі көркемдік деңгейде жырлағанымен, олардың бір-бірімен ұқсас, бәрінде дерлік «Қарақыпшақ Қобыланды деген тіркес сақталған.



«Қобыланды батыр» жырының қағазға түсуі ХІХ ғасырдан басталады. Марабай нұсқасын алғаш жазып алған Ы.Алтынсарин оның «Тайбурылдың шабысы» деген тармағын «Қырғыз хрестоматиясына» (1879) енгізді. Жыр мәтіндерін әр жылдары В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, т.б. жариялады [27].

Қарақыпшақ Қобланды мен оның қарындасы Қарлығаштың зираты — Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Жиренқопа-Ешкіқырған тау деп аталатын жерде.

*Мұстафа Шоқай — Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі  
халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі*

Қазақ зиялылары сонау ерте заманнан атадан балаға мұраға қалған өз жерінде отырып, тұрмыс тауқыметін тартқан халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат тұтты. «Алаш» партиясын ұйымдастырып, «Алашорда» үкіметін құру, ұлттық «Алаш автономиясын» жариялау үшін қажырлы еңбек сіңірді. Міне, тарихи заманда саяси күрестің қатерлі жолын тандаған қазақтың біртуар азаматтарының алғы шебінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Ақпаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай сынды зиялылар тұрды [28].

Тек қазақ тарихында ғана емес, бүкіл түрік әлемінде ерекше орын алатын, дара да ерекше тұратын тұлға — Мұстафа Шоқай (1890–1941). Оның тегі — Орта жүздің Қыпшақ әулетінен: Қыпшақ — Қарақыпшақ — Торы. Торыдан төрт ұл тарайды: Көкмұрын, Шашты, Қитаби, Түйішке. Мұстафаның жетінші атасы Шаштыдан жеті бала туған: Шағыр, Шегір, Бошай, Малай, Құтым, Байсарлы, Айдарғазы [29].

Бошайдан — Арыс, Шыбық. Арыстан — Қолдау, одан — Жанай. Жанайдан — Темір, одан — Қуат (Қуатбай). Қуаттан (Қуатбайдан) — Торғай. Ақсақалдардың айтуына қарағанда, Торғай жүз шамалы үйге билік құрып, датқа (*датқа* деген — Қоқан хандығындағы полковник, генерал дәрежесіндегі әскери атақ) болған.

Торғай датқа кейінгі ұрпағына өз халқының мол мұрасын қалдырды десе болғандай. Торғай би ру, аталықтардың ұрандары мен таңбалары, оlja, ноқта ағасы, той басталуы, сыйлы қонақтарға берілетін сый-сыбаға, шариғат, әдет, жеті атадан кейін үйлену шарты, балалардың өгей шешесіне үйленбеуі, оқытушысына үйленбеуі, еншілес бала, достар сыйластығы, дос-тамырлық қасиеттері, балаларына енші берудің жолдары, қалыңмал төлеудің нормалары, жын-шайтан хақында, жылу жинау жайлы, енші басы, қалыңдық айттырып, қыз ұзату сияқты қағидаларын айқын айтқан. Торғайдан — Шоқай, Қалымбет, Әліш, Оспан өсіп-өнген. Мұстафа — Шоқай бидің ортаншы баласы [30].

Мұстафа сауатын ауылда ашады да, Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебінде оқиды. Ол орта дәрежелі білімді таза орыс тілінде Ташкент қаласындағы гимназияда, 1-ші дәрежелі марапатты дипломмен тәмамдап, Петербор университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1917 жылы бітіреді.

1917 жылы Түркістанның саяси орталығына Ташкентке келіп, Түркістан мұсылмандарының ұлттық орталығына басшылық етіп, қазақ тілінде шығатын «Бірлік туы» газетін ұйымдастырып, түркі және мұсылман халықтарының тұтастығы жолындағы күресті басқарды. Қоқан қаласында өз жұмысын бастаған 4-ші Түркістан мұсылмандарының құрылтайы Қоқан автономиясын жариялап, оның уақытша үкіметін сайлайды. Мұстафа алғашында сол Үкіметтің Сыртқы істер министрі, одан соң Бас министрі міндетін атқарады. Аз уақыт ішінде 12 министрлік құрылады. Екі ай ішінде 2 мың адамнан тұратын армия жасақталып, оған әскери киім де тігіледі. Судьялар тағайындалады. Франциядан, Стамбұлдан ақша түсе бастайды. 1918 жылы қаңтар айында Кеңес өкіметі әскерлері Қоқанға басып кіріп, Түркістан автономиясын күшпен таратады. Содан ол Алаш Орда үкіметінің құрамына кіреді. Азамат соғысы жылдарында кеңестік билікке қарсы күрескен Мұстафа 1919 жылы Маңғыстау арқылы Тбилисиге өтіп, «Вольный горец», «Борьба» деген газеттерде істеп, «На рубеже» деген журналдың редакторы болады. Онда ол Кавказ халықтарының демократиялық қозғалысына белсене атсалысты. 1920 жылы Қызыл Армия Грузияға кіргенде Мұстафа Түркияға қоныс аударуға мәжбүр болады, одан әрі Берлин асып, кейін Парижге келіп орнығады [31].

Шетелдік эмиграция жылдарында көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, ол кең ауқымды саяси күрес жүргізді. А.Ф.Керенскийдің «Дни» және П.Н.Миллюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет етті. 1927 жылдан Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Парижде шығып тұрған «Иени Түркістан» журналы жұмысына атсалысты. «Туркестан милли бирлиги» ұйымына жетекшілік етті. Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә.Топчибашев және Г.Исхаки секілді өкілдерімен жиі араласып, пікірлес болды. Оларды Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуде күш біріктіре әрекет етуге үндеді. 1929 жылдан «Яш Туркестан» журналын

шығаруды қолға алды. Ол «Яш Туркестанда» Түркістан халқының мәдениеті, кеңестік биліктің бұл өлкедегі саясаты және Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастар, тағы басқа тақырыптағы қоғамдық-саяси мәні өткір зерттеу мақалаларын жариялады [32].

Мұстафаның зайыбы Мария Шоқай «Менің Мұстафам» атты естелігінде оның өзінің қажырлы еңбегімен жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерілген қайраткер екенін былай суреттейді: «...Өмірінің соңғы сәттерінде, 40-шы жылдары, соғыс кезінде ол үнемі Түркістанның большевиктерден құтылуын армандайтын. «Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек саяси үгіт ісімен айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы кітаптар жазумен шұғылдана едім. Адамдар бір-бірімен араласуы керек. Халықтар өзара білім алмасып, бірін-бірі терең танып және түсініп, жарасымды қатынас дәрежесіне көтерілсе, сонда ғана халықтар федерациясын құруға жол ашылмақ. Мұндай мақсатқа жету үшін мемлекеттік масштабтағы қызмет қажет болады. Соғыстан бас тарту керек, соғысты болдырмау керек. Жер бетінде барлық адамға орын жетеді»,— деп қиялдайтын.

Саяси интрига мен адамдардың жағымпаздығына жиіркеніш сезіммен қарайтын. Ешбір ұлтқа дұшпандығы болмайтын. Мақалаларының бірінде «рязань мұжықтары» деген ұғымды қолданып, орыс ұлтына антипатиялық көзқарасын білдіргенін айтқанымда, ол маған: «Мен халыққа қарсы емес, халықты басқарып отырған басшыларға қарсы сөзбен күресудемін. Бұның екі арасын ажырата білу керек, кейде саяси демагогия да қажет. Егер мен күннен күнге сепаратист болып бара жатсам, оған да кінәлі орыстардың өздері. Түркістан тек қана қағаз жүзінде Федеративті республика. Қоғамдық ойда, не экономикада жаңалық бола қалса, Москва тарапынан тез арада қарсылыққа ұшырайды. Менің саясатым, бұрын да айтқанымдай, алыс болашаққа бағытталған. Мен бүгінгі күннің ғана жетістігінің соңына түспеймін. Өзіміздің әлсіз екенімізді де білемін. Менің қаруым сөз ғана. Географиялық жағдайымыз да көршілерімізбен бейбіт қатынастар жасауға мәжбүр етіп отыр»,— деген болатын [33].

Бар ғымырын болашаққа арнаған Мұстафа Шоқай 1941 жылы 27 желтоқсанда Германияның Берлин қаласындағы «Виктория» ауруханасында дүниеден өтті.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Сарай Ә. Қыпшақтар // Алтын тамыр. — 2010. — № 2. — 117–138-б.
- 2 Әбілғазы. Түрік шежіресі. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 19-б.
- 3 Ахинжанов С.М. Қыпшаки в истории Средневекового Казахстана. — Алматы: Ғылым, 1995. — С. 87.
- 4 Қасымбекова М. Қыпшақ хандығының этносаяси құрылымы // Қазақ тарихы. — 2006. — № 6. — 10–12-б.
- 5 Өміртаев А. Қыпшақ мемлекеті // Қазақ тарихы. — 2012. — № 4. — 55, 56-б.
- 6 Көмеков Б. Қыпшақтар // Жалын. — 2004. — № 10. — 35–45-б.
- 7 Қазақ руларының шежіресі: Үш тараудан құрылған жин. — Целиноград: «Қаламгер» шығармашылық алқасы, 1991. — 92 б.
- 8 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 10-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энцикл.» Бас ред., 1977. — 648 б.
- 9 Үсенбаев Т. Қазақ шежіресі. — 2-т. Орта Жүз — Жан Арыс. — Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2007. — 376 б.
- 10 Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянаула өңірі. — 1-кіт. — Павлодар: Дауа; Қазақстан, 1995. — 325-б.
- 11 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 7-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энцикл.» Бас ред., 1975. — 648 б.
- 12 Жүніс Қ.Қ. Қошқарбай батыр // Орталық Қазақстан. — 1999. — 24 наур. — 6-б.
- 13 Нұралыұлы О. Шығармалары. — Алматы: Шартарап, 1995. — 198-б.
- 14 Томтиев Қ.Қ. Еуразиялық түркі шежіре аңыздары (ой, пікір, көзқарас). — Алматы: «Полиграфсервис» ЖШС, 2012. — 128-б.
- 15 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. — Алматы: «Ана тілі» апталығы; Атамұра, 1994. — 160 б.
- 16 Шаяхмет А. Қалың Қыпшақ елінде, Қарабалық жерінде // Азия — Транзит. — 2003. — № 12(45). — 10–12-б.
- 17 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 11-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энцикл.» Бас ред., 1977. — 632 б.
- 18 Жалмұханбетов К. Ғасырлар белесі. — Астана: «Ақарман — медиа» ЖШС, 2010. — 278 б.
- 19 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 6-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энцикл.» Бас ред., 1975. — 24-б.
- 20 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 5-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энцикл.» Бас ред., 1973. — 342-б.
- 21 Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 184-б.
- 22 Досжанов Х. Тілеулі батыр // Қазақ. — 2012. — № 12, 13 (578, 579). — 23–30 наур.— 8-б.
- 23 Шаяхмет А. Қалың Қыпшақ елінде, Қарабалық жерінде // Азия — Транзит. — 2004. — № 2(47). — 39–41-б.

- 24 Ақышев З. Иманжүсіп. — Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2003. — 366-б.
- 25 Ысмайылулы М. Иманжүсіп // Қазақ. — 2012. — № 36(602). — 7 қырк.— 8-б.
- 26 Қобыланды батыр / Ақсауыт. Батырлар жыры: Екі т. — 10-т. — Алматы: Жазушы, 1977. — 13–16-б.
- 27 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. — 5-т. / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: «Қазақ энцикл.» Бас ред., 2003. — 645-б.
- 28 Әбдіғалиев Б.Б., Жамалов Қ.Ж., Сатеришинов Б.М. Саяси ой тарихы. — Алматы: Үш қиял, 2003. — 217-б.
- 29 Сатаев А. Дозақты жеңген қазақ // Қазақ әдебиеті. — 2007. — № 21 (3025). — 25 мамыр. — 14-б.
- 30 Каренов Р.С. Мұстафа Шоқай Қазақстан тәуелсіздігінің символдық тұлғасы ретінде // Қарағанды ун-нің хабаршысы. Тарих, философия сер. — 2012. — № 1(65). — 45–54-б.
- 31 Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. (Кеңес дәуірі және тәуелсіз Қазақстан): Оқулық. — Алматы: «Дәуір» ЖШС РПБК. — 2012. — 22,23-б.
- 32 Қазақстан тарихы: Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006. — 587-б.
- 33 Шоқай Мария. Менің Мұстафам / М.Шоқай. Таңдамалы. — 2-т. — Алматы: Қайнар, 1999. — 406, 407-б.

Р.С.Каренов

### Основные этапы этнической истории кипчаков

В статье описаны основные этапы этнической истории кипчаков, в частности, происхождение и внутриэтнический состав. Автором отмечено, что кипчаки сыграли важную роль в отюречивании вторгшихся в Среднюю Азию монгольских полчищ. Сделан вывод о том, что история кипчаков — одна из сложных тем и многие подходы к ней еще не разработаны должным образом.

R.S.Karenov

### The main stages of the ethnic history of the Kipchak

In article the main stages of ethnic history kipchakov, in particular an origin and intra ethnic structure are traced. It is emphasized that кипчаки played an important role otyurechivaniya of the Mongolian hordes which have intruded in Central Asia. It is noted that they began emergence of many Turkic people. It is specified that these people, thanks to the special historical activity, left a trace in ethnogenesis and culture of all people, vzaimodeystvovshy among themselves in the center of Eurasia. The conclusion is drawn that history kipchakov — one of difficult subjects and many approaches to it aren't developed still properly.

#### References

- 1 *A.Kipchaka's shed Three-copecks piece*, 2010, 2, p. 117–138.
- 2 Abilgaza. *Family tree of Turkic peoples*, Almaty: Ana tili, 1991, p. 19.
- 3 Akinzhanov S.M. *Кыпчакы in the history of medieval Kazakhstan*, Almaty: Gylym, 1995, p. 87.
- 4 Kasymbekova M. *History of Kazakhs*, 2006, 6, p. 10–12.
- 5 Omirtayev A. *History of Kazakhs*, 2012, 4, p. 55–56.
- 6 Komekov B. *Zhalyn*, 2004, 10, p. 35–45.
- 7 *Family tree of the Kazakh childbirth: the collection consisting of three sections*, Tselinograd: Publ. Group «Kalamger», 1991, p. 92.
- 8 *Kazakh Soviet encyclopedia*, Vol. 10 / Editor-in-chief M.K.Karatayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh Soviet encyclopedia», 1977, 648 p.
- 9 Usenbayev T. *Family tree of Kazakhs*, Vol. 2. Average Zhuz — Jean Arys, Almaty: Poligrafkombinat LLP, 2007, 376 p.
- 10 Tileke Zh. *Shezhira: Ertis-Bayanaulsky region: Book 1*, Pavlodar: Daua; Kazakhstan, 1995, 325-p.
- 11 *Kazakh Soviet encyclopedia*, Vol. 7 / Editor-in-chief M.K.Karatayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh Soviet encyclopedia», 1975, 648 p.
- 12 Zhunus K.K. *Ortalyk Kazakhstan*, 1999, March, 24, p. 6.
- 13 Nuralyula O. *Works*, Almaty: Shartarap, 1995, p. 198.
- 14 Tompiyev K.K. *Legends of a family tree of the Euroasian Turkic peoples (conclusion, opinion, point of view)*, Almaty: Poligrafservice LLP, 2012, p. 128.
- 15 Beysenbayula Zh. *Family tree of Kazakhs*, Almaty: the Ana Tili weekly, Atamura, 1994, 160 p.
- 16 Shayakhmet A. *Asia — Transit*, 2003, 12(45), p. 10–12.
- 17 *Kazakh Soviet encyclopedia*. Vol. 11 / Editor-in-chief M.K.Karatayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh Soviet encyclopedia», 1977, 632 p.

- 18 Zhalmukhanbetov K. *Reflections of centuries*, Astana: «Akarman-media» LLP, 2010, 278 p.
- 19 *Kazakh Soviet encyclopedia*. Vol. 6 / Editor-in-chief M.K.Karatayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh Soviet encyclopedia», 1975, p. 24.
- 20 *Kazakh Soviet encyclopedia*. Vol. 5 / Editor-in-chief M.K.Karatayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh Soviet encyclopedia», 1973, p. 342.
- 21 Kozybayev M. *Having bound a banner I won the enemy*, Almaty: Kazakhstan, 1994, p. 184.
- 22 Doszhanov Kh. *Kazakh*, 2012, 12–13 (578–579), March, 23–30, p. 8.
- 23 Shayakhmet A. *Asia-Transit*, 2004, 2(47), p. 39–41.
- 24 Akyshev Z. *Imanzhusup*, Almaty: «Zhibek Zholy» Publ. House, 2003, p. 366.
- 25 Ismailula M. *Kazakh*, 2012, 36(602), September, 7, p. 8.
- 26 *Koblанда the batyr / Chained in armor. The song about batyrs*. Vol. 2, Book 1, Almaty: Zhazushy, 1977, p. 13–16.
- 27 *Kazakhstan. National encyclopedia*, Vol. 5 / Editor-in-chief B.Ayagan, Almaty: Main edition of «The Kazakh encyclopedia», 2003, p. 645.
- 28 Abdygaliyev B.B., Zhamalov K.Zh., Satershinov B.M. *History of political thought*, Almaty: Three dreams, 2003, p. 217.
- 29 Satayev A. *The Kazakh adebieti*, 2007, 21(3025), May, 25, p. 14.
- 30 Karenov R.S. *The Messenger of Karagandinsky university. History series, Philosophy*, 2012, 1(65), p. 45–54.
- 31 Kuandyk E.S. *Textbook*, Almaty: RPBK «Dauir» LLP, 2012, p. 22, 23.
- 32 *History of Kazakhstan: Encyclopedic directory*, Almaty: «Arouna Ltd» LLP. 2006, p. 587.
- 33 Chokay Maria. *Chokay of M.Favourites*, Vol. 2, Almaty: Kaynar, 1999, p. 406,407.